КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 30 шілде Іс №7119-24-00-2/8475 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Э.Е.Ебенбаева,
сот отырысының хатшысы Л.Б.Мамырғажының қатысуымен,
ашық сот отырысында аудио-, бейнетіркеумен қойылған талап қою бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 3656 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Исмаилова» дара кәсіпкері

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ТАЛАП ҚОЮШЫ ЖАҒЫНДАҒЫ ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік секторының сатып алу әдіс намасы Департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР (телефон жүйесі арқылы)**:**
талап қоюшының өкілі А.К.Сулейменов,
жауапкердің өкілі Б.К.Жакашбаев,
үшінші тұлға өкілі К.А.Мизамбаев,
прокурор А.М.Тусупбаева,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

2024 жылғы 14 ақпанда тараптар арасында жасалған тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №240034 шарт (әрі қарай – шарт) бойынша «ИСМАИЛОВА» дара кәсіпкері (әрі қарай - өнім беруші) «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 3656 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесіне (әрі қарай – тапсырыс беруші) 2 339 064 теңгеге ұшақ қозғалтқыштарына арналған, синтетикалық, барлық маусымға арналған моторлық майды (әрі қарай – тауар) жеткізуге міндеттенген.

Шарт талаптарына сәйкес тауарды жеткізу мерзімі келесім-шарт тіркелгеннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде. Шарт қазынашылық органдарында 2024 жылғы 19 ақпанда тіркелген. Яғни тауарды жеткізу мерзімі – 2024 жылғы 19 сәуір. Алайда жауапкер тауарды жеткізбеген.

2024 жылғы 17 мамырда шарт міндеттемелері тиісінше орындалмағаны үшін біржақты тәртіппен бұзылған.

Талап қоюшы жауапкерді шарт бойынша міндеттемелерін тиісті түрде орындамағандығына байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды және мемлекет пайдасын 37 426 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Талап қоюшы кейін сотқа талап қоюды нақтылап, талаптарын ұлғайтып арыз жолдаған.

Бастапқыда іс оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралған. Кейін жауапкердің арызы бойынша, №7119-24-00-2/6656 азаматтық іс бойынша қабылданған Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 14 маусымдағы шешімінің күші жойылып, іс мәні бойынша қайта қарауға тағайындалған.

Талап қоюшының өкілі сот отырысында талап қоюды ұлғайтылған арызымен толық қолдап, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды және жауапкерден 67 833 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жауапкер талап қоюмен толығымен келіспей, сотқа пікір жолдады. Пікірде келесіні көрсеткен: талап қою қазақ тіліне мүлдем аударылмаған, сол себепті Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай-АПК) 152 бабының талаптарына сай талап қою сотпен қайтарылады. Қолданыстағы заң талабына сай, тапсырыс берушіге тауар белгілеріне, фирмалық атауларға, және өндірушінің атауына, сондай-ақ сатып алынатын тауардың тиесілілігін айқындайтын өзге де сипаттамаларды көрсетуге тыйым салынады. Ал талап қоюшы болса, талап қоюда конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілерге не себепті осындай заңға қарама-қайшы талаптардың қойғанын көрсетпеген. Ресми дилер хатына сүйене, тауар Қазақстан Республикасында сатылымда мүлдем жоқ екені көрсетілген. Талап қою кезінде талап қоюшы дауды сотқа дейін алдын ала реттеудің шартта көзделген тәртібінің сақталғанын растайтын құжаттарды қоса тіркемеген.

Құжатқа қол қойылған: Ебенбаева Э. Е., 05.08.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкердің өкілі сотта талап қоюмен келіспей, пікірдегі уәждерді толығымен қолдап, талап қоюды қайтаруды және толығымен қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Сотта үшінші жақ өкілі дау бойынша заңдылық тұрғыдан өзінің түсінігін айтып, талап қоюшының талабын қолдаған.

Прокурор қорытындысы: талап қоюшының талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын. Жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану бөлігінде талап қою қанағаттандырудан бас тартылсын, ал 67 833 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру бөлігі қанағаттандырылсын.

Іске қатысушы тұлғалардың уәждерін, прокурордың қорытындысын тыңдап, №7119-24-00-2/6656 және №7119-24-00-2/8475 азаматтық істердің материалдарын зерттеп, сот келесіге келді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай – АК) 272-бабына сәйкес міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай – Заң) 12, 46-баптарына сай, егер мемлекеттік сатып алу туралы шарт тіркелуге жататын болса, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелгенінен кейін күшіне енеді. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

АПК-нің 15-бабына сәйкес азаматтық сот ісін жүргізу тараптардың жарыспалылығы мен тең құқықтылығы негізінде жүзеге асырылады. Тараптар азаматтық сот ісін жүргізу барысында өз ұстанымын, оны қорғау тәсілдері мен құралдарын өз бетінше және соттан және іске қатысатын басқа да адамдардан тәуелсіз таңдайды. Сот шешімді әрбір тарапқа бірдей негіздерде зерттеуге қатысуды қамтамасыз еткен дәлелдемелерге ғана негіздейді.

2024 жылғы 14 ақпанда тараптар арасында тауарды сатып алу туралы шарт жасалған. Шарттың №1 қосымшасында сатып алынатын тауарға қатысты сипаттамасы, саны және жеткізу мерзімі көрсетілген. Шарттың №2

Құжатқа қол қойылған: Ебенбаева Э. Е., 05.08.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

қосымшасында сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігі көрсетілген.

Шартта көзделген мерзімде, тауар жеткізілмеген. Яғни жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған.

Жауапкер талапты мойындамай, пікірінде бірнеше уәждер көрсеткен.

Алайда сот жауапкердің пікірде көрсеткен уәждерін негізсіз деп санап, нақты дәлелдер ретінде қабылдамайды.

2024 жылғы 24 сәуірде талап қоюшы мемлекеттік сатып алу веб-порталы (әрі қарай – веб портал) бойынша шартты біржақты бұзу туралы хабарлама жолдаған. Онымен жауапкер 2024 жылғы 26 сәуірде танысқан. 2024 жылғы 03 мамырда жауапкер «ҚазАвиаОйл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (әрі қарай – ЖШС) хатын тіркеген. 2024 жылғы 13 мамырда талап қоюшы веб-портал бойынша шарттың біржақты бұзылғаны туралы хабарлама жолдаған. Онымен жауапкер сол күні танысып, кешірім өтініп, тауар Қазақстанда жоқ екенін, тауарға тапсырып бергенін, тұрақсыздық айбын төлейтінін, тауар 20 жұмыс күн ішінде болатын жазған. Алайда өнім берушімен тапсырыс берушінің шартты бір жақты бұзған әрекеті сотта шағымданбаған.

Жауапкердің орысша ұсынған 2024 жылғы 03 мамырдағы «ҚазАвиаОйл» ЖШС-нің хаты назарға алынбайды және талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуға негіз болмайды. Себебі, хатта тауардың Қазақстан Республикасында жоқ екені, оны алу үшін Еуропадағы өнім берушілерге жүгінетіндігі жазылған. Хатта тауарды 60 күнде жеткізе алатындығы, алайда сапасы, мерзімі бойынша ешқандай кепілдік бермейтінділігі көрсетілген. Веб-портал арқылы жауапкер 2024 жылғы 13 мамырда тауарды 20 жұмыс күн ішінде жеткізем деп жазған. Яғни ресми дилердің хатындағы күнінен ертерек. Бірақ тауар жеткізілмеген.

Сот шарттың «Бағалы ұсыныныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде жасалғанын негізге алады.

Заңның 38-бабы 4-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Демек, жоғарыда көрсетілген Заңның негізінде, өнім беруші конкурсқа қатысу туралы өтінім бере тұрып, тауарды өз бағасымен белгіленген мерзімде орындауға, келісімін білдіріп, шартқа қол қойған.

Сот жауапкердің дау бойынша тараптардың екеуінінде кінәсі бар, Заңның 21-бабы 3-тармағы 2) тармақшасына сәйкес тауардың тиесілілігін айқындайтын өзге де сипаттамаларды көрсетуге тыйым салынады деген уәждермен келіспейді. «Азаматтық істер бойынша сот шешімі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі № 5 нормативтік қаулысының 11-тармағына сай шешім істің мән-жайлары туралы

Құжатқа қол қойылған: Ебенбаева Э. Е., 05.08.2024

7119-24-3-6/753

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

болжамдарға негізделуі мүмкін емес. Сот шешімде сот отырысында зерттелмеген дәлелдемелерге сілтеме жасауға құқылы емес. Сот шешімді әрбір тараптың тең негіздерде дәлелдемелерді зерттеуге қатысуы қамтамасыз етілген дәлелдемелерге ғана негіздейді. АПК-нің 69, 70, 71-баптарында көзделген тәртіппен дәлелдемелерді қамтамасыз ету бойынша процестік әрекеттер жүргізілуі мүмкін. Бұл жағдайда жиналған дәлелдемелер (хаттамалар және басқа материалдар) сот отырысында зерттелуге және шешім шығарылған кезде соттың бағалауына жатады. Өзінің уәждерін дәлелдейтін құжаттарды жауапкер сотқа табыстамаған. Үшінші тұлға сотқа қатысып, Заң төңірегінде дауға қатысты тапсырыс беруші жағынан қандай-да бір кемшіліктер бар екенін сотқа ұсынған жоқ.

Жауапкердің АПК-нің 14, 148, 149, 152-баптарына сілтеме жасай отырып, талап қою сотпен қайтарылады деген уәждері заң талабына сәйкес емес. АПК-нің 152-бабын сай, талап қоюды сот өндірісіне қабылдағанда қайтаруға кемшіліктер болған жоқ. Ең басында талап қою орыс тілінде берілген, сол себепті сот өндірісі орыс тілінде жүргізілген. Талап қою орыс тілінде барлық тіркелген құжаттар орыс мәтінінде берілген.

Жауапкердің пікірінде талап қою және оған тіркелген құжаттар қазақ тілінде емес, яғни сот өндірісі тілінде аударылмаған деп көрсетілгендіктен, сот Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 13 «Сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолданудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының талаптарын ескеріп, АПК-нің 220-бабына сай істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайларды қосымша анықтау үшін істі мәні бойынша қарауды қайта бастау туралы хабарлап, көрсетілген кемшіліктерді жою үшін талап қоюшыны міндеттеді. Сотта талап қоюшының өкілі сотқа дау бойынша талап қоюды және құжаттарды қазақ тілінде сот кабинеті «Төрелік» арқылы жолдағанын, ал жауапкердің өкіліне электрондық пошта арқылы жібергенін айтты. Барлық сотқа қатысушылар сот өндірісі тілінде еркін сөйлеп, түсінік, уәждерін мемлекеттік тілде жеткізді, аудармашыны қажет еткен жоқ.

Жауапкер өкілінің жіберілген құжаттардың аудармасы дұрыс аудармаға сәйкес емес деген уәждері негізсіз. Өйткені жауапкер жағынан құжаттардың дұрыс аударылмағаны туралы тиісті аударма мекесімен расталатын дәлелді келтірмеген.

Сот екі азаматтық іс құжаттарын зерделеді деп көрсеткен жауапкер өкілінің уәждері де негізсіз. Дау бойынша алдында Іс №7119-24-00-2/6656 азаматтық іс бойынша 2024 жылғы 14 маусымд оңайтылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарылған. Онымен жауапкер келіспегендіктен, сот 2024 жылғы 27 маусымдағы ұйғарымымен Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 14 маусымдағы №7119-24-00-2/6656 оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қабылданған шешімінің күшін жойып, іс мәні бойынша қайта қарауға тағайындаған. Сот кабинеті «Төрелік» жұмысына қатысты

Құжатқа қол қойылған: Ебенбаева Э. Е., 05.08.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Нұсқаулығына сәйкес, шешім күшін жойып, іс мәні бойынша қайта қарауға тағайындалғанда азаматтық іске жаңа нөмір беріледі. Сол себепті сот барлық дәлелдемелерді зерттегенде, екі азаматтық іске тіркелген құжаттарды баяндап, іске қатысқан тұлғалар мен өкілдерден толықтырулардың бар-жоғын анықтады.

Дауды қарағанда сот «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 нормативтік қаулысының (әрі қарай – нормативтік қаулы) 8-тармағын ескереді. Онда мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Тапсырыс берушіге жағымсыз салдар туындаған. Өйткені жауапкер өнім беруші ретінде шартта көзделген міндеттемелерін толық орындамағаны және тапсырыс беруші шарт бойынша тауарды ала алмағаны, шарттың бір жақты бұзылғаны анықталды.

Талап қою заңмен қарастырылған мерзімде сотқа жолданған.

Сот жоғарыдағы мән-жайларды негізге алып, шарттың орындалмауына байланысты, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы негізді және қанағаттандырылуы қажет деген тұжырымға келеді.

№2 талап бойынша.

Шарттың 7.3 тармағы бойынша талап қоюшымен 67 833 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қойылған.

Талап қоюшының талабы АК-нің 272, 298, 359 - баптарындағы ережелерге сай келеді, өйткені тұрақсыздық айыбын өндіру үшін өнім беруші қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайлары негіз болып табылады.

Есеп сотпен тексерілген және қабылданған.

Жауапкердің нормативтік қаулының 5-тармағына сай, талап қоюшы жағынан сотқа дейінгі дауды шешу туралы іс-қимылдарды айқындайтын ешбір құжат арызға тіркелмеген деген уәждері талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуға негіз болмайды.

Расында шарттың 11.1 тармағында, сондай-ақ нормативтік қаулының 5, 6 – тармақтарында, тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюмен сотқа

Құжатқа қол қойылған: Ебенбаева Э. Е., 05.08.2024

7119-24-3-6/753

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жүгінгенге дейін тапсырыс беруші дау айтылып отырған мәселелерді шешу тәртібі туралы шарттың талаптарын ескере отырып, дауды алдын ала сотқа дейін реттеу тәртібін сақтауы қажеттілігі көрсетілген.

АПК-нің 279-бабы 1) тармақшасына сәйкес сот, егер талап қоюшы осы санаттағы істер үшін заңда белгіленген немесе шартта көзделген дауды сотқа дейін реттеу тәртібін сақтамаса және осы тәртіпті қолданудың мүмкіндігі жойылмаса талап қоюды қараусыз қалдырады. Тараптар арасында жасалған шарт бір жақты бұзылған, яғни дауды сотқа дейін реттеу тәртібін қолданудың мүмкіндігі жойылған. Сонымен бірге веб-портал арқылы хат алмасқанда талап қоюшы 2024 жылғы 13 мамырда тұрақсыздық айыбы өндіріп алатындылығын ескерткен.

Жауапкер АК-нің 297-бабына сәйкес тұрақсыздық айыбының мөлшерін азайту туралы сотқа арыз түсірмеген.

Аталған жағдайда, сот тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

АПК-нің 109, 117-баптарына сәйкес жауапкерден мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 117, 223-226-баптарын басшылыққа алып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 3656 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Исмаилова» дара кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Исмаилова» дара кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 67 833 (алпыс жеті мың сегіз жүз отыз үш) теңге тұрақсыздық айыбы және 3 881 (үш мың сегіз жүз сексен бір) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге іске қатысқан тұлғалар апелляциялық шағымды, прокурор апелляциялық өтінішхатты АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар оларға шешімнің көшірмесі жіберілген күннен бастап сол мерзімде беруі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Ебенбаева Э. Е., 05.08.2024

7119-24-3-6/753

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Судья **Э. Ебенбаева**

Құжатқа қол қойылған: Ебенбаева Э. Е., 05.08.2024